

Әскери қызметшілер, ішкі істер органдары қызметкерлерін сақтандыру мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 28 қыркүйек N 1462. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

Әскери қызметшілердің, әскери жиынға шақырылған азаматтардың, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жеке өзін мемлекеттік сақтандыруын жүргізуге бөлінген республикалық бюджет қаражаттарын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Республикалық Ұлан (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі (келісім бойынша):

1) бір ай мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен әскери қызметшілердің, әскери жиындарға шақырылған азаматтардың, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жеке өзін мемлекеттік сақтандырылуын жүргізуге "Сенім" сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамымен шарттарды бұзуға шаралар қолдансын;

2) "Сенім" сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамынан сақтандыру жарналарының толығымен түспеуіне байланысты жарналық өтемақысы төленбей компанияға келіп түскен істер жөніндегі құжаттарды қабылдап алсын;

3) пайда табушыларға "Сенім" сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамынан қабылдап алғынған істер бойынша ақшалай қаражат төлемдерін республикалық және жергілікті бюджеттерден осы мақсаттарға бөлінетін қаржылар есебінен жүргізсін.

2. Мыналадың күші жойылды деп танылсын:

1) "Әскери қызметшілердің, әскери жиынға шақырылған азаматтардың, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жеке өзін мемлекеттік сақтандыру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 15 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 1, 6-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 15 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 ақпандағы N 257 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 10, 73-құжат;).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК